

**Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы
бойынша білім бөлімі «Тасты ауылының жалпы білім
беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Жас мамандармен жұмыс жоспары

Тәлімгер: Айдарбекова Айгуль Бахировна

2024-2025 оқу жылы

Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарлары бойынша өткізілетін отырыстар жоспары

	Жүргізілетін іс-шаралар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1-отырыс	Мақсаты: Жас мамандарға бағыт-бағдар беру және методикалық көмек беру арқылы оларды ұстаз қатарына қосу. 1. Педагогикалық ұжымның зерттеп отырған проблемалы тақырыбы, жұмыс бағыттары, оны шешу мүмкіндіктерімен таныстыру. 2.. Оқу жоспары-бағдарлама күнтізбелік жоспар. 3. Нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерту.	қыркүйек	Тәлімгер ұстаздар
2-отырыс	Мақсаты: Жас маманның кәсіби біліктілігін дамыту, сабақтарына қатысу, тәлімгер ұстазының сабағына қатыстыру. 1.«Озат тәжірибе» мектеп мүшелерінің сабақтарына ену. 2.Өз білімін жетілдіру жоспарын құру. 3.Тәлімгерді жас маманның сабағына қатыстыру. 4. Жас маманның психологиялық біліктілігін арттыру, оқушылармен байланысын зерттеу. 5. «Нәтижеге бағдарланған білім берудегі оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар» семинар 6. Үлгерімі төмен және қиын балалармен жұмыс жүргізу әдістемесі.	желтоқсан	Тәлімгер ұстаздар
3-отырыс	Мақсаты: «Ақыл жастан, Асыл тастан» жас мамандардың педагогикалық шеберлігін, белсенділігін дәлелдеу. 1.Жас мамандарды мектепшілік қоғамдық жұмыстарға тарту. 2.Педагогикалық, психологиялық міндеттер мен проблемалық ситуацияларды шешу жолдары. «Мұғалім маманы ретінде қалыптасуымда қандай проблемаларға кезіктім?» семинар өткізу 3.Педагогикалық танымдық шеберліктерін шыңдау.	Наурыз	Мектеп мұғалім-дері Тәлімгер ұстаздар
4-отырыс	Мақсаты: Жас мамандардың психологиялық біліктілігі, оқушылармен байланысының нәтижесі. 1.Жас мамандардың сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруы. (Ашық сабақтар) 2.Әрбір жас маманға тәлімгер ұстазының есебі және жас маманның бір жылдық есебі. Біліміңе әдісіңді серік ет.«Талантты ұстаз- дарынды балаларға» сайыс. Қорытынды кеш.	Сәуір	Мектеп мұғалім-дері Тәлімгер ұстаздар

Жас мамандармен жұмыс жоспары

Жас мамандармен жұмыстың мақсаты:

Мұғалімдерді жүйелі түрде өз білімін көтеруге тарту және кәсіби біліктілігін шыңдау арқылы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтарды, кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісіне нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету

Міндеттері:

- мұғалімнің кәсіби білімділігін, әдістемелік шеберлігін жетілдіру бағытын дамыту;
- білім беруді демократияландыру және ізгілендіруді көздейтін оқытудың жаңа технологияларын зерттеп үйрену жұмыстарын жүйелі жүргізу.
- оқушылардың қызығушылығын, ізденіс қабілетін арттыру арқылы шығармашылыққа баулу жолдарын анықтау және іске асыру.

Тасты жалпы орта білім беру мектебі
мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
педагог-ұйымдастырушысы Айдарбекованың
жас мамандармен жұмыс жоспарына сәйкес
өткізілген отырыста қаралған педагогикалық
ұжымның зерттеп отырған проблемалы
тақырыбы, жұмыс бағыттары, оны шешу
мүмкіндіктерімен таныстыру мәселелер
бойынша анықтамасы

Тасты жалпы орта білім беру мектебінде зерттеуші –педагог
тәлімгердің жас мамандармен жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген
отырысында «Педагогикалық ұжымның зерттеп отырған проблемалы
тақырыбы, жұмыс бағыттары, оны шешу мүмкіндіктерімен таныстыру»
мәселесі талқыланды.

Мәселені талқылау барысында мектеп педагог-ұйымдастырушысы
Тасты жалпы орта мектебі педагогикалық ұжымының зерттеп отырған
проблемалы тақырыбы: «Ата –ана мен ұстаздар бірлесе отырып,
оқушылардың оқыту сапасын жақсарту жолдарын қарастыру».
Осы проблеманы шешудің басты бағыттарын атап көрсеттім. Соның бір
бағыты ретінде жас мамандармен жұмысты жандандыру және білім
беру жүйесінде кездесетін кедергілерді бірлесе жою қажеттілігі туралы
айтып өттім. Жұмыс бағыттары бойынша деңгейлік бағдарлама бойынша
білім жетілдіру курстарынан өтіп келген мұғалімдер өзара зерттеу
жұмыстарын жүргізіп, мектеп тәжірибесін өзгертуге бағытталған тиімді
әдістерді саралай білудің маңызды екендігін айтты. Сонымен қатар
көтерілген мәселеге байланысты мұғалімдердің жеке көзқарастары
ескерілу қажеттілігі айтылды. Жаңаша білім берудің тиімділігі туралы
деңгейлік курс бітірген мұғалімдердің пікірі тыңдалынып, білім беру
саласындағы озық іс-тәжірибелер жөнінде пікір алмасты.

Жоғарыда аталған мәселе бойынша жас мамандар мен оларға
бекітілген тәлімгерлер міндеттері туралы нақты көрсетіліп, тәлімгерлер
мен жас мамандар өзара бірлесе жұмыс жасау талабы туралы да
айтылды.

Алдағы уақытта мектептің проблемалық тақырыбын бірлесе
шешіп, мектептің білім жүйесін дамыту бар ұстаздар қауымына тікелей
жүктелетіндігі, сол үшін нақты жоспарлар құрып, өз мерзімінде
белгіленген жұмыстарды аткарып отыру көзделді.

Дайындаған:  Айдарбекова АБ

Тасты жалпы орта білім беру мектебі
мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
зерттеуші-педагог тәлімгері Айдарбекованың
жас мамандармен жұмыс жоспарына сәйкес
өткізілген отырыста қаралған «Оқу жоспары-
бағдарлама-күнтізбелік жоспар. Оқу мақсатынан
сабақ мақсатын жазу анықтамасы

Тасты жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-
ұйымдастырушысы Айдарбекова АБ жас мамандармен жұмыс жоспарына
сәйкес өткізілген отырыста «Оқу жоспары- бағдарлама- күнтізбелік
жоспар. Оқу мақсатынан сабақтың мақсатын қалай шығару керектігін
түсіндірді.

Жоғарыда көтерілген аталмыш мәселеге байланысты деңгейлік
курс бітірген мұғалімдер күнтізбелік жоспар жасау барысында сабақ
мақсаттарын көбейтпей, тек бір ғана мақсат қою керектігін айтып өтті.

Оқу жоспарына сәйкес бағдарламаны басшылыққа алып,
115 бұйрыққа сәйкес бағдарламаға қосымшаны алып, сол бойынша
күнтізбелік жоспар жасау қажеттілігін айтып өткен директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары әдістемелік нұсқаулыққа сай жұмыс жасау
қажеттілігін алға тартты. Әсіресе, жас мамандар осы әдістемелік
нұсқаулықта көрсетілген жағдайларды басшылыққа алып жұмыс жасап,
стандартты орындау керектігін атап көрсеттім.

Тасты жалпы орта мектебінің 2024-2025 оқу жылында жұмыс
жасап жатқан жас мамандарына бекітілген тәжірибелі тәлімгер ретінде
күнтізбелік жасау ісі бойынша бағыт-бағдар беріліп, осы мәселені жан-
жақты қарастырып, күнтізбелік жоспар Қазақстан Республикасының
жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленгендігін баяндап
өттім.

Дайындаған:  Айдарбекова А.Б.

Тасты жалпы орта білім беру мектебі
мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
зерттеуші- педагог тәлімгері Айдарбекова АБ
жас мамандармен жұмыс жоспарына сәйкес
өткізілген отырыста қаралған «Нормативтік
құжаттармен жұмыс істеу мәселесі» туралы
анықтамасы

Тасты жалпы орта білім беру мектебінің зерттеуші- педагог тәлімгері
Айдарбекова АБ жас мамандармен жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген
отырыста жас мамандардың «Нормативтік құжаттармен жұмыс істеу»
мәселесі туралы сөз қозғады.

Педагог-ұйымдастырушы Айдарбекова АБ жоғарыда көтерілген
мәселенің маңыздылығына тоқталды. «Нормативтік құжаттармен жұмыс
істеу» мәселесі жас мамандар үшін біраз ізденісті қажет екендігін атап
көрсеткен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары нормативтік
құжаттармен таныс болып қана қоймай, олармен жұмыс жасаудың
жолдарын да меңгеру керектігін айтып өтті.

Жас мамандарға бекітілген тәлімгер ретінде жас мамандарға
күнделік кз-ке кіру, онымен қалай жұмыс істеу керектігін және оқушылар
құжаттарымен жұмыс жасау жолдарын көрсетіп бердім.

Алдағы уақытта нормативтік құжаттармен жұмыс жасау мәселесі
туындаған жағдайда тәжірибелі мұғалімдерден көмек сұрау және осы
мәселеге қатысты дөңгелек үстел ұйымдастыру кезек күттірмес басты
мәселе екендігіне тоқталған педагог-ұйымдастырушы Айдарбекова А.Б.
жас мамандар мен тәлімгер ұстаздарды ғана емес, барлық мектеп
ұжымын бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Дайындаған:  Айдарбекова А.Б.